



Циклогексанға изомерлену алкилциклопентандардың ароматтануының алдында жүреді. Реакция карбкатион механизмі бойынша өтеді:



Этилді және одан да басқа ұзындау алкилді орынбасарлары бар циклопентандар метилциклопентанға қарағанда ароматты көмірсутектерге жеңіл айналады:




Бұл былай түсіндіріледі, метилциклопентан жағдайында үшіншілікті карбений ионы біріншіліктегіе, ал басқа жағдайда екіншіліктегіе изомерленеді, ол энергетикалық өте қолайлы.

Көміртек атомдарының саны 10-нан астам циклоалкандар риформинг жағдайында нафталиннің және басқа да конденсацияланған арендердің шығуын көбірек береді.

Арендер. Орын баспаған арендер каталикалық риформинг жағдайында тұрақты. Алкилденген арендер орынбасарлардың орналасуына, диспропорциялауға және деалкилденуіне байланысты изомерленуге ұшырайды.

Бензолды және ксилолды түзумен қатар толуол диметилденуге және метил топтарын диспропорциялануға ұшырайды. Ксилолдар, ең бастысы, изомерленуге ұшырайды және о-, м- және п-изомерлердің тепе-теңдік қоспаларын, сонымен қатар этилбензолды береді.

Өте ұзын тізбектері бар арендер төменгі сұлба бойынша деалкилденеді:



Нәтижесінде орынбаспаған арендер және алкандар түзіледі.